Оқимын. Осыдан кейін 10 сөзді нақты айтыңыз, балаға қайталауды ұсыныңыз. Сөздердің орны ауысса болады. Осы жағдайды 5 рет қайталаңыз. Әр аталған сайын сөздерге x белгісін қойыңыз. Хаттамаға нәтижесін енгізіңіз. Бала нешінші рет қайталағанда көп сөзді есіне сақтап айтқанын анықтаңыз. Осыдан кейін балаға мынадай мінездеме беруге болады.

А) Егер бала бастапқыда көп сөз айтып, кейін сөз тізбегін азайтса, онда зейіннің шашыраңқылығын, ұмытшақтықты білдіреді.

Б) Бірде жоғары, бірде төмен зигзаг формасын көрсетсе, зейіннің тұрақсыздығын көрсетеді.

В) «қисық» формада болса, эмоциялық әлсіздікті, қызығушылықтың жоқтығын көрсетеді.

Қорытынды: Балалар тапсырманы орындауда қиындықтар болды. Балаларды есте сақтау қабілетін дамытатын ойын жаттығулар жүргізу.

Хаттама

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 24.11.2022 жыл

Мақсаты: Қарым-қатынастың тәсілдерін меңгеру, тыңдай білу іскерлігін жетілдіру.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.Әдісі:

Әңгімелесу, сұрақ қою.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Тыңдай білу іскерлігі»

Ойын барысы

Балалар шеңбер бойымен отырады.Жаттығу жұппен орындалады.Жұптың біреуі 3-5 мин.Қатысушы жұбына өзін мазалап,абыржытып жүрген маңызды нәрсесін әңгімелейді.Ол үнсіз тыңдайды,тек вербальды емес мінез-құлыққа рұқсат беріледі.Одан кейін серіктестер рөлін ауыстырады.Жаттығудан басталуы мен аяқталуын топ жетекшесі белгілейді.Жаттығу аяқталған соң жұптар 1-2 минутта күйзелістерімен алмасады.Содан кейін жаңа жұптар жаттығуды тағы орындайды.

Қорытынды: Балалардың бір-бірімен қарым-қатынасын нығайту мақсатын да ойын-жаттығулар жүргізу. Коммуникативтік дағдылатын дамыту жөнінде тәрбиешіге ұсыныс берілді.

Хаттама

Тобы: Балдырған тобы

Уақыты: 25.11.2022 жыл

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Заттық тұтастық кеңістігін қабылдауын дамыту.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Әдісі: Әңгімелесу, сұрақ қою.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Аяқталмаған суреттер»

Ойын барысы:

Тұтастай қабылдауды дамытуға арналған әдістеме. Яғни балаға 2 нұсқа беріледі. Ол нұсқада үш суреттен орналасқан. Ол суреттер жартылай салынып , аяқталмаған. Балалар сол суреттерді табуы қажет.

Қорытынды: Балалар ойынға белсене қатысты. Қабылдау, ойлау таным процестерін дамытатын ойын-жаттығулар жүргізуі

Хаттама

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 28.11.2022 жыл

Мақсаты: Баланың танымдық белсенділігін ояту, зейінін және ес процесін дамыту.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Не өзгерді?»

Ойын барысы:

Үстеді үстіне біренеше зат я болмаса кішкентай ойыншық қойылады. Балаларға үстелде тұрған ойыншықтарды есінде сақтау ұсынылады, содан кейін «көзінді жұм» деп нұсқау беріледі, осы кезде психолог ойыншықтардың біреуін алып тастайды да қай ойыншықтың жоғалғанын табу ұсынылады. Осы ойынның басқа нұсқасы ретінде келесі тапсырма заттардың орналасуының өзгергенін табу болып табылады. Ойыншыларға үстелдегі заттардың қандай тәртіппен орналасқанын өзінде сақтау ұсынылады. Егер бұл ойын балаларға тым қиын болса, онда сөзбен бірігіп айту тәсілі қолданылады.

Қорытынды:

Балаларға не өзгергенін табу қиын болды. Бірақ ойынға қызығушылықпен қатысты. Сұрақ - жауап арқылы көмекке басқа балаларда келді. Осылайша ойынға екі баладан қатысты.

Хаттама

Тобы: Бәйтерек тобы

Уақыты: 29.11.2022 жыл

Мақсаты: Заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзының атау.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Ұзын-қысқа»

Ойын барысы:

Ойын барысы: Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстелдің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады.

Қорытынды: Балалардың ойынға деген қызығушылығы жоғары болды. Ұзын-қысқа ұғымдарды балалар ажырата алды. Үстіне қою әдісі балаларға ұнады.

Хаттама

Тобы: Айгөлек тобы

Уақыты: 29.11.2022 жыл

Мақсаты: Заттарды салыстыру, қысқасын табу, ұзының атау.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Ұзын-қысқа»

Ойын барысы:

Балаларға ұзын және қысқа жолақтар беріледі. Балалар жолақтарды салыстырады. Үстіне қою әдісін қолданады. Ұзын жолақты атайды. Үстелдің үстіне жолақтардың ішінен ұқсас жолақтарды табуға тырысады.

Қорытынды: Балалар ұзын-қысқа жолақтарды ажырата білді. Ойлау қабілетін дамытатын ойын-тапсырмалар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айтылды.

Хаттама

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 02.12.2022 жыл

Мақсаты: Геометриялық фигуралар туралы ұғымдарын кеңейту. Айналадағы қоршаған ортада оларға ұқсас заттарды табу, жасалу жолдары мен құрылысына мән беру, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын ажырату.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Ойынның құрал-жабдықтары: ұзын және қысқа жолақтар

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын Геометриялық пішіндер мен денелер.

Ойын барысы:

Ерте, ерте ертеде геометрия патшалығын Планиметрия қаласында фигуралар көшесінде сиқырлы геометриялық фигуралар, яғни шаршы, шеңбер, үшбұрыш, тікбұрыш тұрыпты. Күндердің күнінде олардың арасында дау болыпты «Кім күшті?» деп бір-бірімен дауласады.

Шаршы айтады: - Мен ең күштімін, менің барлық қабырғаларым тең және мен барлық жерде ең мықтымын.

Оның сөзін шеңбер бұзып: Бекеерден бекер сөйлем, кімге керек сенің тік бұрыштарын?

Міне, мен ешқандай бұрышсызбын, дөңгелекпін, көңілдімін.

Менде не басым, не аяғым жоқ.

Сөзге үшбұрыш араласады: дауласпаңдар, барлығы біледі үшбұрыш күшті екенін. Біз орындарымызды ауыстырып әр түрлі бұрыштармен бірге бола аламыз. Дау ұрыс қырылысқа айналды. Барлығы бір-бірін тыңдамай у-шуға айналды. Тек қана тікбұрыш оларға қарап үндемей тұрды. Не болып жатқанын түсінбеген тікбұрыш біраз тұрып сөзге кірісті.

-Неге ұрысып жанжалдасасыңдар? Сендер барлықтарын жақсы фигураларсыңдар және адамдарға қажетсіңдер. Адамдар біздерді құрылыста пайдаланады. Әрбір үйде шаршы, шеңбер, үшбұрыш, тікбұрыш тәрізді заттар бар. Біз туралы адамдар зерттейді, балаларда бақшада оқиды. Олар бізсіз еш нәрсе істей алмайды, біз оларға керекпіз. Адамдар бізді жақсы көреді. Фигуралар үндемей тұрып өздерінің қателескендерін түсінді. Өмірде кімнің күшті немесе мықты екені маңызды емес, ал маңыздысы сен біреуге керексің, біреулер сенің көмегіңе мұқтаж депті тікбұрыш. Ал, балалар, біздің көңілді фигуралар қызықты деп тапсырмалар беріп жіберіпті.

1— тапсырма

Мынау – үшбұрыш

-неше бұрышы бар?

-неше

қабырғасы

бар?Мынау –

шаршы

-неше бұрышы бар?

-неше

қабырғасы

бар?Мынау –

тікбұрыш

-неше бұрышы бар?

-неше

қабырғасы

бар?Мынау –

шеңбер

2-тапсырма

«Ұқсас бейнені тап» ойыны

Геометриялық фигуралардан тұратын заттың суреттері мен соған сәйкес фигуралардың суреті салынған. Фигураларға ұқсас заттың суретін сызықпен қосуы керек.

3-тапсырма

«Танграмм»

Балаларға үлгі бойынша құрастыруға фигуралар беріледі. Алдымен, бейнеленген заттардың әр бөлшектері қандай фигуралардан тұратын айтып кетейік.

4-тапсырма

1-ден 10-ға дейін тура және кері санау.

Қорытынды: Балалар геометриялық пішіндерді ертегі арқылы түрі мен түсін атауын игерді. Берілген тапсырмалар балалардың қызығушылықтарын арттырып, танымдық қабілетінің дамуына үлес қосты. Ойлау қабілетін дамытатын ойын-тапсырмалар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айтылды.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы
 мектепшілік Т.Ж.Бекмурзина
 «Нұр-Тілек»
 тексерілді: *Бекмурзина*
 күні: 05.12.2022ж

Циклограмма

Желтоқсан 05.12.-09.12.2022ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

I апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстары	«Сипап сезу арқылы» Ойын Бәйтерек тобы Кұжатпен жұмыс
Сейсенбі Психодиагностика	«Өлемде жоқ жануар» әдістемесі Педагогтар Кұжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс
Сәрсенбі Түзету- дамытушылық	Коррекциялық сабақ Балбөбек тобы, айгөлек тобы «Ине мен жіп» Дидактикалық ойын: Бәйтерек тобы Кұжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс
Бейсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстары	«Жақсы және жаман істерді тауып көр» Дамытушы ойын Бәйтерек тобы «Жер, су, ауа» ойыны Кұжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс
Жұма Психодиагностика	Темперамент Сауалнама Балабақша қызметкерлері Кұжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 05.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Сипап сезу арқылы санау»

Ойын барысы:

Психолог үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.

Қорытынды: Балалар жасырылған ойыншықтар санын ретінен таба білді. Салыстыру арқылы екі топтың заттары бойынша артық немесе кем, тең түсініктері бойынша балаларға қосымша ақпарат берілді. Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша дидактикалық ойындар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айтылды.

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 07.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Ойын балаларды ауызша санауға үйретеді. 20 санға дейін оның жазылуын есте сақтауға көмектеседі.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын "Сандар"

Ойын барысы:

Нұсқауы: Ойын 40 (қырық) картадан құралған, оларды екіден пазл технологиясы бойынша құрастырады. Бірінші картада аңдар бейнеленген, ал екіншісінде 1-20 дейінгі сандар, (әр аңға сай келетін) әр аңның санына сай келетін сурет. Дұрыс табуға аңдардың түрі, түсі көмектеседі.

Қорытынды: Балалар берілген тапсырманы толықтай түсініп, орындай алды. Сандар бойынша пазлдарды құрастырып шықты.

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 07.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Ойын балаларды ауызша санауға үйретеді. 20 санға дейін оның жазылуын есте сақтауға көмектеседі.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын "Сандар"

Ойын барысы:

Нұсқауы: Ойын 40 (қырық) картадан құралған, оларды екіден пазл технологиясы бойынша құрастырады. Бірінші картада аңдар бейнеленген, ал екіншісінде 1-20 дейінгі сандар, (әр аңға сай келетін) әр аңның санына сай келетін сурет. Дұрыс табуға аңдардың түрі, түсі көмектеседі.

Мақсаты: Балаларды ұйымшылдыққа, ептілікке. топта бірігіп жұмыс жасай алу дағдысын қалыптастыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Ине мен жіп»

Ойын барысы:

Жүргізуші: Мен ине боламын, ал сендер жіпсіңдер. Сендер менің артымнан бір-бірлеріңнен белдеріңнен ұстап тұрыңдар. Қазір бәріміз алдымызда тұрған кедергілер арасынан үзілмей жүреміз. Кім жіпті үзсе сол ойыннан шығады.

Қорытынды: Балалар ойынды өте қызыға ойнады. Бір-бірімен ұйымдаса ойынға кірісті. Ойыннан шығып кеткен балалар қайтадан ойынға кіріп жалғастырды.

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 08.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын "Жақсы және жаман істерді тауып көр" Ойын

барысы:

1. Ағаш бұтағын сындырып жатқан баланың әрекетін бейнелейтін сурет.
2. Ағаштағы құстың ұясын бұзған баланың іс-әрекеттегі суреті.
3. Әкесімен ағаш отырғызып жүрген баланың әрекетін бейнелейтін сурет.
4. Құстарға ұя жасап ағашқа іліп жатқан баланың әрекетін бейнелейтін сурет.
5. Гүлдерге су құйып, қамқорлық жасаған қыздың әрекетін бейнелейтін сурет.
6. Ағаш бұтағына қонған торғайды рогаткамен атқалы тұрған баланың әрекетін бейнелейтін сурет.
7. Далада өсіп, айналаға көрік, сән берген гүлдерді бейберекет жұлып жүрген баланың іс-әрекетін бейнелейтін сурет.
8. Жайлауда қошақанға емізікпен сүт беріп тұрған баланың іс-әрекетін бейнелейтін сурет.

Қорытынды: Балалар қоршаған ортадағы жаман және жақсы істер жөнінде ақпарат алды. Өз ойларымен бөлісті. Балалардың танымдық дүниетанымын дұрыс қалыптастыратын ойын тапсырмалар жүргізу.

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 08.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, тез жауап беруге дағдыландыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Жер, су, ауа, от.»


Ойын барысы:

Балалар шебер құрып тұрады, допты бір балаға лақтырып «Жер» деген кезде жердегі өсімдіктер, заттар, адам, үй, жануарларды атап айтады, «су» дегенде суда тіршілік ететін балық аттарын, су көліктерін атайды, «ауа» дегенде ұшақ түрлерін, құстардың аттарын, аспан, бұлт, ай, жұлдыздың аттарын атайды.

Бұл ойынды екінші бағытпен ойнатуға болады.

«Ауа» дегенде кезде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Су» дегенде қолдарын алға созып жүзеді, «от» дегенде қолдарын былғайды, «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.

Қорытынды: Балалардың ойлау таным қабілеттерін жылдамдыққа машықтандырды. Балалар заттық ұжымдарды топтастыра білді. Екінші бағыт бойынша балалар қимылдарды қызыға қайталады.



Циклограмма

Желтоқсан 12.12.-16.12.2022ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

II апта Психолог: Шаштыбаева К. Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстары	«Сипап сезу арқылы» Ойын Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Түзету- дамытушылық	«Менің планетам» Арт терапия Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстары	Суреттерді топтарға сәйкес ажырат Интеллектуалдық қабілетті дамытуға арналған тапсырма Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Психодиагностика	«Бұл қай уақыт» Қабылдау қабілетін дамытуға арналған ойын Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 12.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Сипап сезу арқылы санау»

Ойын барысы:

Психолог үстелінің үстінде орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады.

Қорытынды: Балалардың қарапайым математикалық түсініктерін қалыптастыру бойынша дидактикалық ойындар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айтылды. Ойын арқылы балалардың артық, кем, тең ұғымдары қалыптасты. Сипап сезу арқылы балалар ойыншықтарды салыстыра білді.

Тобы: Бәйтерек тобы

Уақыты: 13.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: қиялды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, эмоционалдық стрессті жеңілдету.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

«Менің планетам» ойыны

Ойын барысы:

«Көздеріңді жұмып, ғарыштағы планетаны елестетіңдер. Қай планета? Бұл ғаламшарды кім мекендейді? Жету оңай ма? Олар қандай заңдар бойынша өмір сүреді? тұрғындар не істеп жатыр? Сіздің планетаңыздың аты кім? Мына планетаны сыз » Балалар сурет салады, содан кейін жұмыс талқыланады.

Қорытынды: Балалар шығармашылық жұмысқа белсене қызығушылықпен қатысты.Өздерінің қиялдарына ерік бере білді. Ғарыш әлемінің әсемділігін бейнелеп өздерінің қиялындағы әңгімелеп берді.

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 14.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: жинақтау, талдау дағдыларын дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Суреттерді топтарға сәйкес ажырат»

Құралдар: 4 топқа бөлінетін 12 заттық сурет, көкіністер, жемістер, жануарлар, ыдыс-аяқтар.

Ойын барысы:

Психолог суреттерді 4 топқа бөліп қоюды ұсынады. Ұсыныс:

Сурет топтамалары әр балада әртүрлі.

Қорытынды: Балалар заттық ұғым 4 топ бойынша заттарды топтай алды.

Заттық ұғым бойынша түсіндіріп өз тапсырмаларын орындай білді.

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 15.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың уақыт туралы білімдерін кеңейту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Бұл қай уақыт»

Ойын барысы:

Шарты: Күн мен түннің суретін кезек-кезек көрсетіп, бір-бірінен сұрайды.

Бастауышы «Күн» дегенде тұрады, «Түн» дегенде отырады. Қимылға қарап, уақытты атау.

Қорытынды: Балалар ойынға еркін әрі қызыға ойнады. Қимылдық ойын балаларға ұнады. Күн мен түннің айырмашылықтары жөнінде балаларға түсінік берілді.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы
 меңгерушісі: Т.Ж.Бекмурзина
 тексерілді: *Бекмурзина*
 күні: 20.12.2022ж

Циклограмма

Желтоқсан 20.12.-23.12.2022ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

III апта Психолог: Шаштыбаева К.Ү

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Сейсенбі Психодиагностика	«Жаңылыспа» Ойлауды дамытуға арналған ойын Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс
Сәрсенбі Түзету- дамытушылық	«Пішідерді орнына қой» Сенсорика Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Психодиагностика	«Дңгелектерді орналастыру» Зейін, есте сақтау қабілеттерін дамытуға арналған ойын. Бәйтерек тобы «Дайын бол» ойыны Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс
Жұма Психодиагностика	«Сіз бөтен адамның әсеріне қаншалықты жие ұшырайсыз?» Сауалнама Педагогтар Құжатпен жұмыс

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 20.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Тез ойлау қабілетін жетілдіру, тәуліктің әр уақытында не істейтіндері туралы білімдерін жетілдіру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Жаңылыспа»

Ойын барысы:

Ойын шарты: Кубикті алған соң тәуліктің белгілі уақытында атқарылатын іс-әрекетті атап, кубикті келесі ойыншыға беру керек. Тәуліктің әр түрлі бөліктері жөнінен балалардың білімдерін бекіту мақсатымен бастаушы әңгіме жүргізеді. Балалар өздерінің таңертең, түсте, кешке не істейтіндерін естеріне түсіреді. Бастаушы тәуліктің әр түрлі бөліктерін атай отырып, балаларға ойынды ұсынады. Мысалы: «Таңертең» дегенде балалар оянамыз, жуынамыз, шашымызды тараймыз, тісімізді тазалаймыз деп жауап береді. Кубикті алған бала тек бір іс-әрекетті атайды. («Балабақшаға барамын» немесе «Жаттығу жасаймын» немесе «Сабақ оқимын» т.б.). Жауап берген бала кубикті үстелге соғып келесі балаға береді. Егер бала жауап бере алмаса, кубикті үстелге соғып келесі балаға береді, ол жеңілген болып есептелінеді. Бұл ойынды мұқият ойнап және жаңылыспау керек. Ойынды басқаша өткізуге де болады. Жүргізуші балалардың әр түрлі іс-әрекеттерін атайды, балалар бір сөзбен жауап беру керек: Таңертең, күндіз, кешке, түнде. Мысалы: Психолог тамақтанып жатырмын деп, ойыншыға кубикті береді, ойыншы таңертең деп, тез жауап қайтарады.

Қорытынды: Әр берілген мысалды балалар ажырата алды. Балалар өздерінің таңертең, түсте, кешке не істейтіндері жөнінде айтты. Жылдам ойлау қабілетін дамытатын ойын-жаттығулар мен тапсырмалар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айтылды.

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 21.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Геометриялық пішіндерді танып, атай білуге үйрету. Бос торларды сәйкес пішіндермен толтырту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын "Пішіндерді өз орнына қой" Ойын

барысы:

Көрнекілік: Әр балаға жеткілікті таратпа суреттер.

Барысы: Балаларға суреттер таратылып беріледі. Суреттердегі бос торларды сәйкес пішіндермен толтыр.

Қорытынды: Балалар тапсырманы ынталы орындап шықты. Сұрақ-жауап арқылы балалар берілген тапсырманы орындай алды.

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 22.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: зейін, есте сақтау қабілетін дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Дөңгелектерді орналастыр»

Құралдар: магнитті тақта, парақ қағаз, түрлі-түсті дөңгелектер.

Ойын барысы:

Психолог тақтаға түрлі-түсті дөңгелектерді орналастырады. Балаларға ретін есте сақтауын сұрайды. 30 секундтан кейін үлгі алынады. Психолог балаларға өз алдарындағы дөңгелектерді үлгіден көргендей етіп орналастыруды сұрайды.

Қорытынды: Балалар үлгіде көрсетілген дөңгелектер ретін сақтап, өз алдарына орналастырды. Танымдық қабілеттерін дамытатын ойын-тапсырмалар жүргізуге тәрбиешілерге ұсыныс айтылды.

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 22.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың ақыл-ой белсенділігін қалыптастыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Дайын бол»

Ойын барысы:

Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс – қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, ат – шабады, құс – ұшады, ләйлек – бір аяғымен тұрады.

Қорытынды: Ойынның шартын балалар толық түсінді. Ойын қызықты өтті. Балалардың зейінін дамуытатын ойын-жаттығулар жүргізу.

Тобы: Педагогтар

Уақыты: 23.12.2022 жыл

Түрі: Сауалнама

Тақырыбы: «Сіз бөтен адамның әсеріне қаншалықты жиі ұшырайсыз?»

Тесттің кілті:

Өзіңізге 2,3,5,6,7,8,9-сұрақтарға оң жауап үшін бір балл және 1,4-сұрақтарға теріс жауаптар үшін бір балл қойыңыз.

Нәтижелер:

6 балдан астам жинағандар Сариманова, Аяпова, Шыңтасова: Сіз қулықтың үлкен қорына иесіз. Сіз қол жеткізе алмайтын ешнәрсе жоқ. Сізді алдау мүмкін емес. Бірақ қулық пен сенімсіздік адамдармен қарым-қатынаста шынайылықсыздыққа және ақталмаған сенімсіздік үлесіне әкеледі. Бәлкім, кейде сәл-сәл шынайы болу қажет

3-6-балл жинағандар Түсібек, Шыңтасова, Елеусизова, Үсенбаева: Сіз керемет ақылдысыз, сізді алдау мүмкін емес. Бір жақсысы, Сіз өтірік айтуды жақсы көрмейсіз. Ашықтық адамдарды жақындастырады.

3-баллдан төмен жинағандар Жұмабаева, Еңсепова, Жұмақанова, Құлтасова: Сіз, өкінішке орай, тым сенгішсіз және сізді адастыру оңай. Мүмкін сіз, жиі енжарлық танытасыз және бұл өз жақындарыңыздың қалжыңына ыңғай беред

Қорытынды: Педагогтардың қарым-қатынасын нығайту мақсатында тренингмен жеке кеңестер жүргізу.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы



Мектепшісі Ж.Бекмурзина

«Балабақша»
тексерілді

күн: 26.12.2022ж

Циклограмма

Желтоқсан 26.12.-31.12.2022ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

IV апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Сейсенбі Түзету- дамытушылық	«Жаңылыспа» Ойлауды дамытуға арналған ойын Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Түзету- дамытушылық	«Пішіндерді орнына қой» Сенсорика Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс
Бейсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстары	«Дөңгелектерді орналастыр» Бәйтерек тобы «дайын бол» ойыны Құжатпен жұмыс
Жұма Психодиагностика	«Сіз бөтен адамның әсеріне қаншалықты жие ұшырайсыз?» Сауалнама Педагогтар Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмыс

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 26.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: балалардың 2 саны және цифры туралы алған білімдерін бекіту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Цирктің әртістері»

Ойын барысы:

1-нұсқа. Ковралан тақтада жануарлар бейнеленген суреттер әр жерге орналасқан. Психолог бүгін циркте тек мұнда 2-ден ғана бар әртістер өнер көрсететінің айтады. Балалар суретті таңдап, оларды бөлек қойып санайды, көрсетеді, цифрды атайды. 2-нұсқа. 1-нұсқада көрсетілгендей, бірақ бұл жерде мазмұнды суреттер қосылады. Балалар 2-ден болатын заттарды әртістерге таратады. Барлығына жеткендігі тексеріледі, цифрды атайды және көрсетеді. - Қандай заттар бір-бірден қалды? (1цифрын көрсету, атау). 3-нұсқа . 2-нұсқаға ұқсас, бірақ тапсырма күрделенеді. Жұп заттардың суреттері түсіне, көлеміне қарай іріктеліп алынған: ұзын, қысқа секіртпе үлкен, кіші барабан (тәрбиеші өз нұсқаларын ойлап табуына болады.) Психолог бір нұсқаны таңдайды.

Қорытынды: Балалар ойынға еркін әрі қызыға ойнады. Тапсырманы еркін орындады.

Хаттама

Тобы: Бәйтерек тобы

Уақыты: 27.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Геометриялық фигураларды ажыратуға және көлем, пішін, саны жайында түсінік қалыптастыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Пішіндерге арналған ұяшықты тап»

Ойын барысы:

Әр түрлі көлемдер бойынша геометриялық фигураларды бала сипаттағанда: «Үлкен – үлкенірек – ең үлкен», «кішкентай – кішірек – ең кішкентай», «биік – биігірек – ең биік», «ауыр – ауырырақ – ең ауыр», «жеңіл – жеңілірек – ең жеңіл», «терең – тереңірек – ең терең», «жарық – жарығырақ – ең жарық», «қараңғы – қараңғырақ – ең қараңғы» және т.б. тиісті салыстырмалы және таңдаулы шырайдағы салыстырмалы сын есімдерді дұрыс өзіндік дербес қолдануға үйренеді.

Қорытынды: Балалар ойынға белсене қатысты. Бір фигура мен екінші фигураны салыстыруда кей балаларда қиындықтар болды. Тәрбиешіге дамытушылық тапсырмалар жүргізу жөнінде ұсыныстар айтылды.

Тобы: Айгөлек тобы

Уақыты: 28.12.2022 жыл

Мақсаты: сипап көру арқылы, бұрыштарын бөле отырып, атына байланысты, сыртқы түріне, ойындық қасиетіне байланысты, қиын емес құрылыстарды құрауды үйрету.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Құралдар: құрылыс жабдықтарынан ағаш кубиктер, шарлар, қолға арналған ұстағыштары бар безендірілген қорап (оң және сол жақ қабырғаларында). Жабдықты дайындау үшін аяқ киімінің қорабын аламыз.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Қамал құрамыз»

Ойын барысы:

Балаға қорапты көрсетіңіз. Көтеріп, қорапты сілкіп, сылдырлатыңыз. Баладан қорапта не бар екенін сұраңыз! Балаға қорапты зерттеуге ұсыныс жасаңыз. Баладан екі қолында қораптың қабырғасына салуын, онда жатқан заттарды сипап көруін (бір кубик және бір шар). Сипап сезінуіне байланысты ата. Егер балада қиындық туғызса қораптағы заттарды еденге немесе үстелге қойыңыз. Шарды тауып, оны атаңыз. «Бұл- шар, ол домалайды!». Балаға шарды домалатуға беріңіз Балаға кубикті көрсетіңіз, оны зерттеуге мүмкіндік беріңіз. Саусақпен кубиктің бұрыштарын көрсетіңіз. «кубиктің бұрыштары бар» деп айтыңыз. Кубикті қозғалтып, итеріп көрсетіңіз, қорытынды жасаңыз: «кубик қозғалмайды». Баланың алдына тағы да кубиктер қойыңыз. Кубикті кубикке қойып, кубиктерден құрауға болатындығын көрсетіңіз. Балаға биік қамалды салуға ұсыныңыз. Кубиктерді абайлап бір-біріне бұрыштарын қою керек. Шарларды қамал құруды ұсыныңыз. «Биік» -сөзін айтқанда, балаңыз қолын төменнен жоғары көтеріңіз. Баланың алдына бірнеше шар қойып одан – қамал салуды өтініңіз. Қорытынды жасаңыз: шарлардан қамал салуға болмайды: олар домалап кетеді, олар бірінің үстінде тұра алмайды.

Қорытынды: Ойынға балалар аса қызығушылықпен қатысты. Заттық қасиетті ажырата білуге дағдыландыру. Балалардың танымдық қабілеттерін дамытатын ойын-тапсырмалар жүргізу керек.

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 29.12.2022 жыл

Мақсаты: Бір ортақ мақсатқа жұмыла бірігуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл әрекетке жаттықтыру.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Күн» Ойын

барысы:

Шеңберде жатқан таяқшаларды күн бейнесін құрастыру

Қорытынды: Балалардың ойынға деген қызығушылығы жоғары болды. Түзету-дамытушылық бағыт бойынша жұмыстар жүргізу.

Тобы: Айгөлек тобы

Уақыты: 29.12.2022 жыл

Мақсаты: Бір ортақ мақсатқа жұмыла бірігуге, ұйымшылдыққа баулып, қимыл әрекетке жаттықтыру.

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Күн» Ойын

барысы:

Шеңберде жатқан таяқшаларды күн бейнесін құрастыру

Қорытынды: Балалар ойынға біріге кірісті. Үлкен күннің бейнесін барлығы қосыла құрастырып шықты. Топқа қосыла алмаған

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 30.12.2022 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларды жыл мезгілдері және айларымен таныстыру; 1-ден 3-ке дейінгі сандар қатары туралы алған білімдерін бекіту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Жыл
атасы» Ойын
барысы:

Тақтада Жыл атасының суреті. Балалар жыл мезгілдерін атайды, оларды санайды. - Қазір жылдың қай мезгілі? Психолог қазір қай ай екенін сұрайды, балалар қайталайды. Әрбір жыл мезгілінде 3 айдан бар екенін айтып, қыс айларын атайды. Үлестірмелі материалдармен жұмыс. - Бүгін жыл атасы бізбен қыс туралы әңгімелескісі келеді. Ол бізге ақ карточка әкеліпті. - Не үшін ақ карточка әкелді? Әрбір карточкада керекті санды қоюға арналған қыс айларына сәйкес келетін тор көз бар. Психолог айды атайды, балалар керекті цифрды бос орынға қояды. Одан кейін психолог цифрды атайды, ал балалар айды атайды.

Қорытынды:

Жылдың 4 мезгіліне байланысты суреттер арқылы балалар сұрақтарға жауап берді. Қыс айларының атауы мен ерекшеліктері туралы ақпарат берілді. Балаларға барлық жылдың 4 мезгілін меңгерту жөнінде тәрбиешілерге ұсыныс айтылды.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

менгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді: 

күні: 04.01.2023ж

Циклограмма

Қаңтар 04.01.-06.01.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

I апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Сәрсенбі Түзету- дамытушылық	«Суреттің жасалғанын тап» Ойлауды дамытуға арналған ойын Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта» Ойын кеңістікті бағдарлау қабілеттерін дамыту. Айгөлектобы Құжатпен жұмыс
Жұма Психодиагностика	«Психологиялық денсаулық құпиясы» Қабылдау деңгейін анықтау әдістемесі тренинг Педагогтар Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Балбөбек тобы

Уақыты: 04.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Ойынның құрал-жабдықтары: жартыға бөлінген суреттер

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Суреттің жалғасын тап»

Ойын барысы: Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, затты атайды. Ұқсас заттарды топтастырады.

Қорытынды: Балалар суреттердің екінші жартысын жылдам қатесіз таба алды. Суреттегі заттардың атауы мен тұрмыстық қажеттілігі жөнінде берілген сұрақтарға жауап берді.

Хаттама

Тобы: Айгөлек тобы

Уақыты: 05.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты:	кеңістікте	бағдарлау	қабілеттерін	дамыту.
Ойынның		құрал-жабдықтары:		суреттер

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Үстінде, астында, алдында, артында, сол жақта, оң жақта»

Ойын барысы: Балалар суретте бейнеленген доп, мысық, көліктің қай жерде орналасқанын айтады.

Қорытынды: Балалар суреттегі заттарды бағдарлай алды. Қателік жіберген балалармен тәрбиешіге ұсыныс айтылд

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

менгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді:

күні: 09.01.2023ж



Циклограмма

Қаңтар 09.01.-13.01.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

II апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Консультативтік жұмыс	«Баланы 5 ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла» Кеңес беру Ата-аналар Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Жұбын тап» Ойын Айгөлек тобы «Не қайда өседі?» дамытушы ойын Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Түзету- дамытушылық	«Машиналарды гаражға қой» Ойын Айгөлек тобы тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Затты қалай қолдануға болады» Ойын Балбөбек тобы, Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Жұма Психодиагностика	«Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас» сауалнама Педагогтар Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Айгөлек тобының ата-аналары

Уақыты: 09.01.2023 жыл

Түрі: кеңес беру

Мақсаты: бала тәрбиесінде ата-аналарға бағыт-бағдар беру.

Тақырыбы: «Баланы 5-ке дейін патшадай көтер, 15-ке дейін құлындай жұмса, 15-тен кейін досындай сыйла»

Барысы:

Бірінші қадам – 5 жасқа дейін. Баланы туылғаннан 5 жасқа толғанша «ханындай сыйлау» керексіз. Ешнәрсеге тыйым салуға болмайды. Тек бір нәрсе бүлдіргелі жатса, көңілін басқа нәрсеге аударып жіберу ғана керек. Ол өзінің не бүлдіріп жатқанын өзі білмейді. Мысалы, бала қымбат ыдысты сындырып алды делік. Ол заттың анасы үшін орны бөлек екені, оны шетелден арнайы тапсырыспен алдырғаны баланың миына кіріп те шықпайды. Өйткені оның ойлау жүйесі бұған әлі жетпейді. Осы ісі үшін баланы жазалайтын болсақ, ол мұны басып-жаншу деп қана түсінеді.

Екінші қадам – 5 жастан 10 жасқа дейін. Бұл жылдарда балаға «құлындай» қарау керек. Оған әлі келгенше тапсырманы үйіп беріп, соны орындауын қатаң талап етіп отырған дұрыс. Орындалмаған тапсырмалар үшін жазалап та алуға болады. Тек дене жарақатын салмау керек. Сонда бала ақыл-парасаты мол, зерделі азамат болып өседі. Бала өз әрекетіне өзелердің қандай көзқараспен қарайтынын білуді үйренуі керек. Бұл уақытта баланың санасына білім құйып, оған қатты ауыртпалық саламын деп ойлаудың қажеті жоқ.

Үшінші қадам – 10 жастан 15 жасқа дейін. Бұл жастағы балаңызды өзіңізбен тең көріп, теңдік қарым-қатынас орнатыңыз. Бұл жерде «тең» сөзінің мағынасы басқа: сіз де, балаңыз да білім алуға, тәжірибие алуға теңсіздер. Онымен сөйлескенде түрлі тақырыпта ой бөлісіңіз. Оның пікірін сұрап, мәселенің шешімін шығару үшін басқа қырынан келуге тырысыңыз. Баладан тығырықтан шығу үшін қандай жолдар қарастыратынын сұрап, өзіңіз шеше алмай тұрған мәселеге оның да көмектескенін сұраңыз. Егер сізге баланың әрекеті мен қылығы ұнамай жатса, бірден ашу шақырып айта салмай, басқа жолдар арқылы түсіндіріп көріңіз. Сонда ол жалтақ болмай өсетін болады.

Соңғы қадам – 15 жастан бастап. Бұл жылдары балаға енді тек құрметен қарауға ғана міндеттісіз. Оны енді тәрбиелеймін деп әуреге салынбаңыз. Енді сізге өз тәрбиеңіздің жемісін көру ғана қалды.

Қорытынды:

- Егер баланы 5 жасқа дейін табалайтын болсаңыз, сіз оның болашақ өмірлік белсенділігі мен өмірге деген махаббатын басып тастайсыз. Кішкентайынан зәбір көріп өскен бала өскенде де оңбайды.
- Егер 5 жастан кейін балаңызға «ханға қарағандай» қарауды жалғастырып, еркелетіп төбеңізге шығара беретін болсаңыз, ол бейқам, әрі ұшқалақ болып өседі. Осының кесірінен ата-анасының мойнына асылып алып, еңбек етуге келгенде еріншектік танытады.
- Егер балаға 10 жастан кейін де кішкентай нәресте секілді қарай беретін болсаңыз, ол өз-өзіне сенімсіз болып өседі.
- Егер балаға 15 жастан кейін құрметпен қарамайтын болсаңыз, ол кез келген уақытта өз отбасынан безіп кетуге дайын тұрады.

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 10.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Жұбын тап»

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.

Ойын барысы:

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.

Қорытынды: Балалар әр геометриялық пішіндерді таба білді. Екі бірдей пішінді атап, топтастырып. түсін атады. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын ойын жаттығулар жүргізу.

Тобы: Айгөлек
Уақыты: 10.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Жұбын тап»

Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.

Ойын барысы:

Ойын барысы: Балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады.

Қорытынды: Балалар екі бірдей геометриялық пішіндерді таба білді. Геометриялық пішіндерді атауда кей балаларда қателіктер болды. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын ойын жаттығулар жүргізу.

Тобы:Балбөбек

Уақыты: 10.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың өсімдіктер жөніндегі білімдерін бекіту, заттар арасындағы кеңістік байланыстарын анықтау дағдысын дамыту, өсу орнына қарай өсімдіктерді топтастыру. Балалардың өз бетінше ойлау қабілетін және белсенділіктерін дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Не қайда өседі?»

Ойын барысы:

Бақ пен бақша салынған үлкен суреттердегі бос тор көздерге жеміс-жидектерді дұрыс орналастыру. Ойыншылар екі топқа бөлінеді. Бір топта бақтың суреті салынған, екінші топта бақшаның суреті салынған үлкен сурет болады.

Суреттер астында бос тор көздер бар. Қобидашада үлестірмелі карточкалар жатады. Жүргізушінің белгісі бойынша балалар қобидашадағы үлестірмелі карточкаларды жарыса отырып, тор көздерге орналастырады. Олардың атауын атайды.

Қорытынды: балалар көкіністер мен жемістер арасын ажыратып көрсетіпберді және атауын атай алды. Қайда өсетінін қосымша сұрақтар арқылы дұрыс жауаптар айтылды. Екі топтың балалары ойынға белсене қатысты.

Тобы:Балбөбек

Уақыты: 11.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: ауызша басты түстерді айтқызу, (сары,көк, қызыл, жасыл); түсіне қарай машиналарды орналастыру; үш басқа түстерден машиналарды ажырату.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Машиналарды гаражға қой»

Құрал–жабдықтар: кубиктер мен кірпіштер басты түстермен (көк, сары, жасыл, қызыл); түсіне қарай ажыратылған ойыншық машиналар.

Ойын барысы:

Егер сізде машина болса, балаға не үшін гараж керектігін есіне түсіріңіз. Гараж қандай болу керек? Машинаны гаражға қою үшін, нені ашу керек? Балаға әр түрлі түстегі құрлыс материалын көрсетіңіз. (2 түстен бастау керек–көк және сары, одан кейін қызыл және жасыл, түстерді көрсету. Бала қатесіз айтса балаға құралдармен және 4 түске бояй беруге болады.). Балаға кірпіштен гараж жасатыңыз. Құрылыстың бірнеше түрі бар (дайын құрылыс, мысал ретінде немесе баланы өз ойы бойынша). Балаға жолда тұрған машиналарды көрсетіңіз. Әр машинаны көрсетіп, түсін қандай екенін сұраңыз. Егер бала сенімсіз жауап берсе, онда басқа нұсқалары бар: сіз машинаның түсін айта отырып, сол түстегі машинаны балаға іздету

Еденге бормен жолдың суретін салыңыз (ол тура немесе әр түрлі болуы мүмкін.). Балаға санамақты тыңдата отырып, ойнауын ескеру, осындай түстегі гаражды табу және машинаны гаражға қою (тура сол түсте).

Нұсқалар: Ойынды басқа түстегі машинамен ойнатуды жалғастырыңыз, гараждың есігі машина түсімен бірдей болу керектігін естен шығармаңыз.

Қорытынды: Ойынға балалар қызыға қатысты. Әсіресе ұл балалар ойынды қызығушылықпен бастады. Түстер ойынша ойынның шартын балалар орындай алды.

Тобы:Бәйтерек

Уақыты: 12.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Шығармашылық ойлауды дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Затты қалай қолдануға болады?»»

Ойын барысы:

Балалар кез-келген затты аламыз (қалам,кітап және т.б.).Оны шеңбер бойымен тұрған әрбір ойыншы кезекпен қолына алып затты қайда қолдануға болатындығын айтады.

Қорытынды: Балалар заттық ұғым бойынша танымдық қабілетті дамыған. Әр заттың пайдалану ретін біледі. Балалардың сөздік қорларын дамытатын ойын тапсырмалар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айту.

Тобы:Бәйтерек

Уақыты: 12.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Шығармашылық ойлауды дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Затты қалай қолдануға болады?»

Ойын барысы:

Балалар кез-келген затты аламыз (қалам,кітап және т.б.).Оны шеңбер бойымен тұрған әрбір ойыншы кезекпен қолына алып затты қайда қолдануға болатындығын айтады.

Қорытынды: Заттардың пайдалану қажеттілігін балалар айта білді. Қолдану реттілігі бойынша сұрақтарға жауап берілді. Балалардың сөздік қорларын дамытатын ойын тапсырмалар жүргізуге тәрбиешіге ұсыныс айту

ХАТТАМА

" Педагогикалық ұжымдағы қарым-қатынас " сауалнама қорытындысы


1. Өзіңізді ұжымның мүшесі ретінде бағалайсызба?

9 ответов



2. Әріптестеріңіздің сізге деген қарым –қатынасына қанағаттанасыз ба?

9 ответов




3. Егер сізге мүмкіндік туса, сіз басқа ұжымға ауысарма едіңіз?

9 ответов



4. Сіздің педагогикалық ұжымыңызда, қандай қарым-қатынас қалыптасқан?


9 ответов



- менің ойымша, көптеген балабақшаға қарағанда өте жақсы.
- бәлкім, басқа да көптеген балабақшалар сияқты.
- нашар, басқа балабақшаларға қарағанда;
- менің ойымша, басқа балабақшаларға қарағанда өдеуір нашар.

5. Сіз қалай ойлайсыз, сіздің ұжымда өзара қолдау, қол ұшын беру қалыптасқан ба?


9 ответов



- әрине, "иә";
- көбінесе "иә", "жоқ"-қа қарағанда;
- көбінесе "жоқ", "иә"-ға қарағанда;
- әрине, "жоқ".

6. Сіз қалай бағалар едіңіз өзіңіздің әкімшілікпен (администрацией) қарым-қатынасыңызды?


9 ответов



- толығымен қанағаттанамын;
- қанағаттанамын;
- жеткіліксіз қанағаттанамын;
- мүлдем қанағаттанарлықсыз.


7. Сіздің жасыңыз

9 ответов



8. Сіздің біліміңіз

9 ответов



ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

менгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді: 

күні: 16.01.2023ж

Циклограмма

Қаңтар 16.01.-20.01.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

III апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Психодиагностика	«Фигуралардың суретін смалып бітіру» Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Түзету- дамытушылық	«Менің достарым» Ойын Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Сәрсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Орамалды бірінші алу» Қабылдауға арналған ойын балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Бір сөзбен айт» Балалардың сөздік қорын молайту. Балбөбек тобы, Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Достық» Жаттығу Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Айгөлек тобы

Уақыты: 17.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Баланың өзін - өзі тануына, достарын бағалауға, құрметтеуге үйрету, досының айтқанын аяғына дейін тыңдауға, кез келген уақытта көмектесе білуге тәрбиелеу. Ойындар арқылы есте сақтау, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Менің достарым»

Ойын барысы:

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Менің достарым»

Ойын барысы:

Дос, достық дегеніміз адамдар арасындығы жақсы қарым - қатынасты, бір - біріне деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімін айтамыз. Достар бір - бірін ренжітпейді, керісінше нағыз достар бір - бірін құрметтейді, сыйлайды, кешірімді болады. Достық сезім тек қана адамдар арасында емес, ел мен елдің арасында да болады. Мысалы біздің Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен достық қарым - қатынаста. Балалар сендер де бір - бірлеріңді ренжітпей тату - тәтті ойнасаңдар, бір - біріңе сыйлы болыңдар, сендерде де достық сезім пайда болады.

Ойын шарты: Балалар мен бір баланы суреттеп айтамын, сендер сол баланы табуларың қажет (ол кім?) 2 – 3 баланы суреттеп айту.

Қорытынды: Топтағы балалар бір-бірінің сипаттық көрінісін таба білді. Балалар топтағы достарымен қарым-қатынасы тығыз екені байқалды. Достық

сөзінің мағынасын ашық айта білді.

Дос, достық дегеніміз адамдар арасындығы жақсы қарым - қатынасты, бір - біріне деген сүйіспеншілік, жанашырлық сезімін айтамыз. Достар бір - бірін ренжітпейді, керісінше нағыз достар бір - бірін құрметтейді, сыйлайды, кешірімді болады.

Достық сезім тек қана адамдар арасында емес, ел мен елдің арасында да болады. Мысалы біздің Қазақстан Республикасы басқа мемлекеттермен достық қарым - қатынаста. Балалар сендер де бір - бірлеріңді ренжітпей тату - тәтті ойнасаңдар, бір - біріңе сыйлы болыңдар, сендерде де достық сезім пайда болады.

Ойын шарты: Балалар мен бір баланы суреттеп айтамын, сендер сол баланы табуларың қажет (ол кім?) 2 – 3 баланы суреттеп айту.

Қорытынды: Топтағы балалар бір-бірінің сипаттық көрінісін таба білді. Балалар топтағы достарымен қарым-қатынасы тығыз екені байқалды. Достық сөзінің мағынасын ашық айта білді.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

меңгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді:

күні: 23.01.2023ж

Циклограмма

Қаңтар 23.01.-27.01.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

I V апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Фигуралардың суретін смалып бітіру» Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Сейсенбі Қорытынды жазу	Қаңтар айында жүргізілетін жұмысқа қорытынды шығару Хаттама жазу Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Сәрсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«шаршы құрастыру» Балаларды құрастыруға үйрету. балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Үлкен және кішкентай доптар» Сенсорика Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Торт» құрастыру Есте сақтауға арналған ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 23.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларды қарсы мағынадағы сөздерді таба білуге үйрету; көлем, кеңістіктегі ара қатынас туралы білімдерін бекіту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Сөзді керісінше ата» сөздік ойыны

Ойын барысы:

Психолог көлемді, кеңістіктегі бағытты немесе сандық қатынасты анықтайтын сөзді атап, допты бір балаға лақтырады. Бала осы сөзге қарсы мәндес сөзді атап, допты қайтадан психологқа лақтырады (үлкен – кіші, кең – тар, ұзын – қысқа, биік – аласа, қалың – жұқа, сол жақта – оң жақта, жоғары – төмен, аз – көп, қалыңырақ – жұқарақ, ұзынырақ – қысқарақ, кеңірек – тарырақ, т.б.

Қорытынды: Балалар қарсы мәндес сөздерді айтуда толық түсіну үшін ұғымдар бойынша мысалдар айтылды. Допты барша балалар алып, келтірілген мысалдар бойынша ойынға толық қатысты.

Хаттама

Тобы:Балбөбек

Уақыты: 24.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларға түстерді айыруға үйрету. Түстер арқылы өз үйлерін табуға үйрету,ажыраты. Ұйымшылдықпен ойнауға тәрбиелеу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Өз үйінді тап!»

Ойын шарты: а) Еденде бір-бірінен алшақ орналасқан 2 (обруч) шеңбер қойылады. 1 шеңбер ішінде картоннан қиылған шаршы, 2-шісінде-тіктөртбұрыш. Балалар осылайша 2 топқа бөлінеді. Психолог белгі бергенде әр ойыншы қолында ұстап тұрған пішіні бойынша шеңбердегі пішінмен бірдей, сәйкес келетін пішіні бар шеңберге кіру керек. Тиісті шеңберге дұрыс барды ма? Міне, психолог мұны тексереді.

Қорытынды: Балалар шапшаң қозғалып, ойынды қызықты қыла түсті. Балалар бір-біріне шатасып. геометриялық пішіндерді ажыратпай ойынның шартын орындауға асықты. Балаларды ептілікке, геометриялық фигураларды ажыратуға тәрбиешіге ұсыныс айтылды.

Хаттама

Тобы:Бәйтерек

Уақыты: 25.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын Бұл қашан болады?

Ойын барысы:

Мақсаты: балаларды белгілі бір жыл жыл мезгіліне байланысты әңгіме немесе тақпақ түрінде берілген табиғат көріністерін салыстыруға білуге, үйрету, есту, ойлау қабілетін дамыту.

Қорытынды: балалар көкіністер мен жемістер арасын ажыратып көрсетіп берді және атауын атай алды. Қайда өсетінін қосымша сұрақтар арқылы дұрыс жауаптар айтылды. Екі топтың балалары ойынға белсене қатысты.

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 26.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Заттарды танып бір сөзбен айтуға үйрету.

Ойынның құрал-жабдықтары: Ыдыстардың, ойыншықтардың, жануарлардың суреттері.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын. «Бір сөзбен айт»

Ойынның мазмұны: Балаларға әртүрлі суреттер беріледі, сол суреттің ішінен бірдей заттарды тауып бір сөзбен атайды
мысалы: ыдыстар, ойыншықтар, жануарлар.

Қорытынды: Балалар заттардың арасындағы мағыналас бірдей заттарды ажыратып көрсетіп берді және атауын атай алды. Тұрмыстық қажеттіліктері бойынша қосымша сұрақтар арқылы дұрыс жауаптар айтылды.

Хаттама

Тобы:Балбөбек

Уақыты: 27.01.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа ептілікке,ойлау қабілетін дамытуға арналған ойын;

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Дайын бол»

Ойын барысы:Балалар шеңбермен жүреді. Жүргізуші бір сөз айтады, ал балалар сол сөзді іс – қимылмен көрсетеді. Мысалы: қоян – секіреді, ат – шабады, құс – ұшады, ләйлек – бір аяғымен тұрады.

Қорытынды: Балалар әр қимылды дәл орындады. Ойын қызықты болуы үшін сөздер тез-тез айтылды. Соңында балалар өздері сөздерді атай бастады.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

менгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді:

күні: 30.01.2023ж

Циклограмма

Қаңтар, Ақпан 30.01.-02.02.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

V апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Фигуралардың суретін смалып бітіру» Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Сейсенбі Қорытынды жазу	Қаңтар айында жүргізілетін жұмысқа қорытынды шығару Хаттама жазу Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Сәрсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«шаршы құрастыру» Балаларды құрастыруға үйрету. балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Үлкен және кішкентай доптар» Сенсорика Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Торт» құрастыру Есте сақтауға арналған ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы:Балбөбек

Уақыты: 01.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын « Шаршы құрастыр»

Ойын барысы: Балалар ақ шаршының үстіне бөліктерге бөлінген түрлі-түсті шаршыны құрастырып қояды. Бөлшектерден бүтін бір зат жасайды.

Балалар қиналған жағдайда тәрбиеші оларға көмектеседі. Шаршының қанша бөліктен тұратынын санайды, құрастырылған шаршының түсін айтады. 1-нұсқа: әрбір бала өзі жеке жинайды. 2-нұсқа: шаршыны топ болып жинайды (қайсысы жылдам?). 3-нұсқа: жеке немесе топпен, кім тез бітсе, күрделірек түрін беру.

Қорытынды: Балалар ойынды қызыға орындады. Қанша бөліктен тұратын атап шаршының бөліктерін дұрыс құрастырды. Балалардың ойлау қабілетін дамытатын ойын жаттығулар жүргізу.

Хаттама

Тобы:Бәйтерек

Уақыты: 02.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларды бөлшектерден бүтін бір зат құрастыруға үйрету.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Үлкен және кішкентай доптар»

Ойын барысы:

Балалар орындыққа жартылай дөңгелене отырады. Психолог оларға қарама-қарсы отырып, балаларға қолдарындағы доптарын көрсетуді сұрайды. Балалар қолдарын алға созып, доптарды көрсетеді. Психолог көңілді түрде былай дейді: «Кішкентай доптар жолмен домалап кетті. Қараңдар олардың қалай жүгіргенін». Осыны айтады да аяғымен бірнеше рет тез-тез жер тепкілеп: «тымпыл, тымпыл, тымпыл!» - дейді. Балаларда соны істейді. Одан кейін психолог қимылын баяулатып былай дейді: «Үлкен доптар жолда тымпыл-тымпыл домалап бара жатыр». Психолог алдымен кішкентай доптар, одан кейін үлкен доптар жөніндегі тексті осылайша бірнеше рет айтады. Балалар оның артынан тез және баяу қимылдарды алмастыра қайталайды.

Қорытынды: Балалар айтылған әр сөзді мұқият тындап, қимылды баяу және тез қайталады. Балалардың қабылдау деңгейі және берілген белгі бойынша тапсырманы орындауы жақсы. Қызығушылықпен белсенділік танытты.

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 03.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Ойлау қабілетін дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Төрт құрылыс»

Ойын барысы:

Балалар шеңбермен тұрады. Психолог «су» - десе қолдарын алдына созады, «ауа» - дегенде жоғары көтереді, «от» дегенде екі қолын айналдырады «жер» дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатасса сол ойыннан шығады.

Қорытынды: Ойынды балалар шапшаңдықпен ойнады. Қайталап атауда кейбір балалар шатасты. Балалардың қысқа мезгілде ойлау қабілетін дамытатын бұл ойын балалардың көңіл-күйін көтерді. Қимылды нұсқаулық бойынша қайталай алды.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

меңгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді:

күні: 06.02.2023ж



Циклограмма

Ақпан 06.02.-10.02.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

I апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі психодиагностика	«Көлік тас жолы» Ерекше қабілетін анықтау Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Көңілді шеңбер» Есте сақтау ойыны Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Түзету- дамытушылық	«Үйлер және таулар» Логикалық ойлау Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Бейсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Жұбымыз жарасқан әріптестерміз» Қарым-қатынасты қалыптастыру бойынша тренинг Педагогтар Құжатпен жұмыс
Жұма психодиагностика	«орындықты тап» Есте сақтауға арналған ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы

II

Жолды салуға блоктардың екі ерекшеліктеріне бағытталатын ереже қолданылады

Балалардың қызығушылықтарын қолдау үшін ересектер әртүрлі ойын және тәжірибелік тапсырмалар ұсынады: Кай мен Гердаға қашуға көмектесу үшін Қар патшайымының сарайынан жол салу; қораптарға кәмпиттерді салу; Хауыз көшесіндегі Аңғалақтың шкафын жинастыру.

Ойын шарттарын алдымен ересектер ұсынады, ал соңынан мұндай шарттарды балалардың өздері ойлап табады.

III

Балалар үш ерекшелік – түсі, көлемі мен пішініне қарай жол (тізбек) салады (Ересектер балалардың белсенділіктері мен шығармашылықтарын марапаттай отырып, балаларды өз беттерінше жаңа ережелер, ойын тапсырмаларын ойлап табуға икемдейді.

Қорытынды: Ойын балаларға өте ұнады. 3 нұсқа бойынша ойындағы тапсырмаларды балалар орындай алды. Бірігіп жұмыс жасау балаларды ұйымшылдыққа баулиды. Топ болып жасаған жұмыс балалардың көңіл күйлерін көтерді. Берілген жағдайға байланысты бірігіп содан шыға алды.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

меңгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді: *Бекмурзина*

күні: 13.02.2023ж

Циклограмма

Ақпан 13.02.-17.02.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

II апта Психолог: Шаштыбаева К. Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Түзету- дамытушылық	«Біз бақытты жанұямыз» Тренинг Балбөбек тобы ата-аналарымен Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Сейсенбі психодиагностика	Балалардың мазасыздану деңгейін анықтауға арналған сауалнама Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Үйлер және таулар» Логикалық ойлау Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Өз үйінді тап» Сенсорика Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Жаңа ертегі» Қиялды дамытуға арналған ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 08.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: түстерді ажырата білуге, дұрыс түсті, затты таңдауға үйрету.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйінбақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Үйлер және тулар»

Қолданылатын құрал –жабдықтар: мозайкалы қорап,онда 10-10-нан қызылжәне ақ түсті мозайкалар. Сонымен қатар онда 3 жасыл, 2 көк және 3 сарыбасқа элементтер салынады. Бұлардың бұл тапсырмаға еш қатыстары жоқ.

Ойын барысы. Бала ең алдымен ақ мозайканы көрсетіп, бұл түспен үйлерболатындығын айтады. Ал, қызыл түспен тулардың болатындығын түсіндіреді. Содан кейін психолог үстелге «үйлерді», «туларды» үйдің үстінеқойып, баланы бұл тапсырманы бастауға рұқсат береді. Баланың міндеті

түстерді дұрыс орналастыруы керек.

Ойын барысында баладан үйлер мен тулардың дұрыс орналастырғанын сұрай отыра оның бұл тапсырманы ұққанын немесе ұқпағанын біле алады.

Бұл тапсырманы орындау барысында саусақтарының, бұлшықеттерінебайланысты балалардың қимылдары келісінсіз болады. Бұл жағдайда психолог қолынан ұстап көмектеседі.

Қорытынды: Балалар түстер мен заттарды таңдауда қателіктер жібермеді. Ойын нұсқаулығы бойынша барлығын дұрыс орындады. Балалардың көңіл-күйі мен бір-бірімен қарым-қатынасы жоғарлады.

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 10.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: есте сақтау қабілетін дамыту, шапшаң ойлау таным процесінде ғұмыландыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Орындықты тап» Ойын

барысы.

Балалар шеңберге тұрады. Әр бала өзінің жанындағы баланы есінде сақтап, қарап алуы керек. Жүргізушінің бірінші белгісі бойынша, бөлменің жан- жағына тарап кетеді (белгі: шапалақтау, барабан немесе бубенмен берілді). Екінші белгі бойынша шеңберге бастапқыда қай орында, кімнің қасында тұрғанын есінде сақтап, қайта шеңбер түзеді. Өз орнын тапқан балалар мадақталады, таба алмағандар ойыннан шығады.

Қорытынды: Балалар өз жанында тұрған балаларды жылдам таба алды. Көңілді ойын балаларға ұнады. Өз көршілерін таба алмай қателескен балаларда болды. Балалардың бір-бірімен қарым-қатынастары еркін болды.

ХАТТАМА

Әдістеме: Тренинг. «Біз бақытты жанұямыз!»

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру, тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен жақсы қарым - қатынас орнату, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын ашу.

Қатысқаны: Қатысқан 18

Қорытынды: Тренингке ата-аналар белсенді қатысты. Шаттық шеңберінде әр ата-ана өз балаларының есімінің неге байланысты қойғанын айтып берді. Өз балаларының мінез-құлықтарымен ерекшеліктері жөнінде айтылды. Алдын-ала балаларға салдырған отбасы суреті бойынша ата-аналар өз балаларының суретін табу қажет еді. Бірақта кейбір ата-аналар өз балаларының суретін табуда қиындықпен кәте тапты. 3-4 ата-анаға сұрақтарға қойылды. Әр баланың суреті бойынша ата-аналарға талдау айтылды. Өңгімелесу барысында өз тәрбиелеу жолдарымен бөлісті және қызығушылықпен балаларының суреттерін қарап танысып шықты. Тілек шамы арқылы әр ата-ана өз жылы лебіздерімен және алған әсерлерімен бөлісті.

Ұсыныс: Баланың тәрбиесіне қатысты мәселелерді шешуде жан-жақты нұсқаларды қарастыру. Бос уақытты балаға арнауға ата-аналарға нұсқау берілді.

Психолог: Шаштыбаева.К.Ұ

ХАТТАМА

Сауалнама қоршаған ересектермен: ата-аналармен, тәрбиешілермен, мұғалімдермен әңгімелесу және олардың жауаптарын салыстыру арқылы мектеп жасына дейінгі және бастауыш мектеп жасындағы балалардың мазасыздану деңгейін анықтауға арналған.

Орындалу барысы:

Ата-аналар (тәрбиеші/мұғалім) 20 сұраққа жауап беруге шақырылады. Әрбір ұсынылған мәлімдемеге оң жауап 1 ұпаймен бағаланады. Ұпайлардың жалпы сомасы есептеледі, оның негізінде баланың мазасыздану деңгейі туралы қорытынды жасалады (жалпы сома неғұрлым көп болса, баланың мазасыздану деңгейі де жоғары болады).

Қорытындысы:


15 – 20 балл мазасыздықтың жоғары деңгейін көрсетеді. Ата-аналар тарапынан мұндай балл жинаған бала болмады.

7 – 14 балл жинаған бұл тәрбиеленушілерде Абай Жан, Аманбай Ғазиз, Әмір Кәусәр, Байжұма Ғалиасқар, Байсейтова Шахкерім, Бақытқали Ерқанат - мазасыздық деңгейі ата-аналар жауабы бойынша орташа.

1 – 6 балл балл жинаған бұл тәрбиеленушілерде Болат Медина, Еркін Асия, Жұма Асылым, Марат Мерейлім, Мусин Мейірлан, Нұрлан Ернұр, Серік Мұстафа, Сұлтан Сандұғаш, Тәңірберген Мағжан, Төлегенов Шерхан - мазасыздық деңгейі ата-аналар жауабы бойынша төмен.


1. Шаршамай ұзақ уақыт жұмыс істей алмайды.

19 ответов




2. Оның назарын бір нәрсеге аудару қиын.

19 ответов




3. Кез келген тапсырма қажетсіз алаңдаушылық тудырады.

19 ответов




4. Тапсырмаларды орындау кезінде қысылып, қиналады.

19 ответов




5. Басқаларға қарағанда жиі ұялады.

19 ответов




6. Жиі шиеленісті жағдайлар туралы айтады.

19 ответов




7. Әдетте, бейтаныс ортада қызарып кетеді.

19 ответов




8. Қорқынышты түс көретініне шағымданады.

19 ответов




9. Оның қолдары әдетте суық және дымқыл болады.

19 ответов




10. Нәжісі жиі бұзылады.

19 ответов




11. Қобалжыған кезде қатты терлейді.

19 ответов




12. Тамаққа тәбеті жақсы емес.

19 ответов




13. Мазасыз ұйықтайды, қиналып ұйықтайды.

19 ответов




14. Ұялшақ, көп нәрсе оның қорқынышын тудырады.

19 ответов




15. Әдетте мазасыз, тез ашуланады.

19 ответов




16. Көбінесе көз жасын ұстай алмайды.

19 ответов




17. Күтуге нашар шыдайды.

19 ответов




18. Жаңа іске кіріскенді ұнатпайды.

19 ответов




19. Өзіне, қабілетіне сенімді емес.

19 ответов



20. Қиындыққа тап болудан қорқады.

19 ответов



Тобы: Балбөбек Уақыты: 15.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу. Мақсаты: Ойлауды дамытуға

арналған ойын

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын « Ойлан да аяқта»

Ойын барысы.

- Лимон қышқыл, ал қант... (тәтті)
- Егер үстел орындықтан биік болса, онда орындық... (үстелден аласа)
- Екі, бірден көп, ал бір ... (екіден аз)
- Сен аяғымен жүресін, ал затты ұстағанда немен ұстайсың.. (қолмен)
- Егер Самал үйден Айманнан бұрын шықса, ал Айман.. (кейін)
- Өзен арықтан терең, ал арық. .. (саяз)
- Бала үлкейіп, ер адам болады, ал қыз. (әйел адам)
- Пышақ та, әйнек те. (өткір)
- ат шабады, ал қарлығаш. .. (ұшады)
- ит үреді, ал қарға... (қарқылдайды)
- жылан жорғалайды, ал балық..... (жүзеді)
- қасқыр ұлиды, ал қой... (маңырайды)
- түйе боздайды, ал жылқы ... (кісінейді)

Балаларға доп лақтырылады. Допты қағып алып айтылған сөздердің мағынасына қарама-қарсы сөздерді айтуы қажет.

Қорытынды: Балаларға сөздердің мағынасын түсіну қиынға соқты. Мысалдар келтіріліп жеңіл сөздер айтылды. Әр заттың пайдалану және қолдану реттілігімен оларға сай сипаттарды балалар түсінді.

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 16.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: түстерді ажыратуға жаттықтыру; қабылдауын дамыту; ойынның ережесін сақтауға үйрету.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Өз үйінді тап»

Ойын барысы.

Балаларға түрлі-тісті дөңгелектер тарату, түсін атау. Үйлерін көрсету. Белгі бойынша балалар дөңгелектерінің түсі бойынша үлкен шеңберлерге тұра қалады. Үш жерде үш түрлі геометриялық пішіндер қойылады. Балалардың қолында әр түрлі пішіндер таратылып беріледі, әуен қосылады. Балалар әуен ырғағымен билейді, әуен тоқтаған кезде балалар қолдарындағы пішінге сәйкес пішінін тауып, қасына тұруы қажет. Осылай ойынды бірнеше рет қайталаймыз.

Қорытынды: Балалар түстерді ажырата алды және геометриялық пішіндерді таба алды. Ойынның ережесін сақтап толықтай орындады. Әуен ырғағымен көңіл күйлері көтерілді.

Хаттама

Тобы: Бәйтерек Уақыты:

17.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың қиялын дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Жаңа ертегі» Ойын

барысы.

Психолог отырған балаларға ертегі кейіпкерлерді атайды. Суреттерін көрсетеді. Мысалы: кемпір, шал, түлкі, арыстан, тышқан т.б. Аталған кейіпкерлерді біріктіре отырып жаңа ертегі мазмұнын құрастырып айтуды ұсынады. Балалар ертегі құрастырады. Ең қызықты ертегі ойлап тапқан бала жүргізуші болып ойын жалғасады.

Қорытынды: Балаларға ұсынылған ертегі кейіпкерлер суреттерімен ертегі құрастыру өте қызық болды. Өз қиялдарын дамытып түрлі ертегі құрастырды. Ертегі әр түрлі желімен оқиғамен құрастырылды. Жағымды кейіпкерлермен балалар күлкілі ертегі ойлап шығарды. Ойлау, қиялдау таным процестерін және сөздік қорларын дамытатын ойын болды.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

менгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді:

күні: 20.02.2023ж

Циклограмма

Ақпан 20.02.-24.02.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

III апта Психолог: Шаштыбаева К. Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Түзету- дамытушылық	«Суреттің жалғасын тап» Ойлау қабілетін дамытатын ойын Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Түзету- дамытушылық	«Кім тез жинайды?» Дидактикалық ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Сирек кездесетін фигуралар» Логикалық ойлау Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Ілінген орамал» Зейін, ойын Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«балабақша» Рөльдік ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 20.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Суреттің жалғасын тап»

Ойынның құрал-жабдықтары: жартыға бөлінген суреттер

Ойын барысы.

Балалар үстелдің үстіндегі суреттердің екінші жартысын табады, заттыатайды. Ұқсас заттарды топтастырады.

Қорытынды: Балалар берілген суреттердің жартысын таба алды. Жарты суретті толықтай бейнесін атап және оның пайдалану реттілігі жөнінде сұрақтарға жауап берді. Үлестірмелі суреттермен тапсырмалар балаларға ұнады.

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 21.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Көкөністер мен жемістерді ажырата білуге үйрету. Ойынға деген қызығушылықтарын арттыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Кім тез жинайды.» Ойын барысы:

Психолог балаларға ойын шартын түсіндірдім. Себеттің сыртында алма мен қиярдың суреті жапсырылады. Алманың суреті бар себетке жемістер, ал қиярдың суреті бар себетке көкөністер салынады. Балалар екі топқа бөлініп тұрады. Психологтің белгісі бойынша балалар ойынды бастайды. Ойын соңында қай топ тез әрі дұрыс жинайды сол топ марапатталады. Ойынды топтая болмаса аулада ойнауға болады. Ойын 4-5 рет қайталанады.

Қорытынды:

Ойынға балалар қызығушылықпен қатысты. Көкөністер мен жемістерді топтастырып, ажырата алды. Екі топтың да себептері толы болды. Балалар ойын соңында жинаған жемістері мен көкөністерді атауымен оларға сипаттама берді.

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 22.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Абстрактылау, сараптауға деген қабілетін дамыту; әрекеттерді орындау барасында ережені қатаң сақтауға баулу. Қарапайым фигуралардың сирек кездесетін, күрделі фигураға айналуларына көмектесу (қарапайым фигурадан күрделі жасау). Мұндай қайта жасаудың ережелері кестеге берілген. Әрбір фигураға арналған салу ережесі бар. Ересек адам сирек кездесетін фигураны құрудың ережесі берілген кестені көрсетеді

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Сирек кездесетін фигуралар»

Ойын барысы. Ол балаларға фигураның қандай ерекшелігіне қарау керектігін (пішініне), сирек кездесетін фигураны құруды қандай фигурадан бастау керектігіне көмектеседі (барлық бағыттар шығатын – үшбұрышты фигурадан). Тікбұрыштан екі бағыт шығады: біреуі төртбұрышқа, екіншісі үшбұрышқа. Бұл оған кез келген тұсынан төртбұрыш пен үшбұрышты орналастыру болатындығының белгісі. Төртбұрыштан шыққан бағыт дөңгелекке келеді- оған дөңгелекті құру керек. Тікбұрыштан шыққан бағыт та дөңгелекке бағытталған- оған да дөңгелекті құру керек. Ал дөңгелектен бір де бір бағыт көрсетілмеген, сондықтан оған ештеңені құрудың керегі жоқ. Осыдан кейін әрбала блоктарды біріне бірін қоя отырып, күрделі фигура сала бастайды. Ересектер балаларды бір-бірінікіне ұқсамайтын өзінше күрделі фигуралар салуға жетелейді. Осының нәтижесінде балаларда бір-бірінікіне ұқсамайтын әртүрлі күрделі фигуралар пайда болады:

Жұмыстарының соңында балалар фигураларын салыстырып, дәлсіздіктерді анықтайды, олардың қандай затқа ұқсайтындығын анықтайды.

Қорытынды: балалар ойынға белсене қатысты. Ойын нұсқаулығы бойынша геометриялық пішіндермен балалар тапсырмаларды қиындықсыз орындады. Түрлі күрделі фигураларды балалар өз бетімен құрастырып шықты.

Хаттама

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 23.02.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: балалардың зейінін арттыру.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын "Ілінген орамал" Ойын барысы.

Орамал қабырғаға ілініп тұрады. Оған секіріп, қол жеткізу керек.

Жұдырыққа жасырылған орамал: Үлкендер жұдырығына оңай жасыра алады, ал баланың кішкентай алақанына жасыру қиындау. Баланың жұдырығының орнына босаған иогурт құтысын немесе басқалай жеңіл затпен алмастыруға болады. Көрсетілген нұсқау бойынша орамалды бүктеу: Ортасынан немесе квадрат етіп, конверт немесе бантик етіп орамалды бүктеуі тиіс.

Қорытынды: Ойын балалармен қызықты өтті. Ойын бойынша жеңіске жетуге әр бала ұмтылды. Нұсқаулық бойынша орамалмен ойынды балалар өздерінің шамасына қарай орындай алды. Ойын соңында балалардың көңіл күйлері көтерілді.

Хаттама

Тобы: Айгөлек Уақыты: 24.02.2023

жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: балалардың балабақшаны тағайындау туралы, мұнда жұмыс істейтін адамдардың мамандықтары туралы – тәрбиеші, бала күтуші, аспаз, музыкалық қызметкер туралы білімдерін кеңейту, балалардың ересектердің іс- әрекеттеріне еліктеуге, өз тәрбиеленушілеріне қамқор болуға деген ынтасын тәрбиелеу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Балабақша»

Құрал-жабдықтар: балабақшада ойнауға қажетті барлық ойыншықтар.

Ойын барысы: Психолог балаларға балабақша ойнауды ұсынады. Қалауыңызша балаларды тәрбиеші, тәрбиеші көмекшісі, музыкалық жетекші рөліне тағайындаймыз. Балалар ретінде қуыршақтар, Жануарлар әрекет етеді. Ойын барысында олар балалармен қарым-қатынасты бақылайды, оларға қиынжағдайлардан шығудың жолын табуға көмектеседі.

Қорытынды:

Балалар рөлдік ойынға аса қызығушылықпен кірісті. Ойынның мазмұнын жылдам қабылдады. Әр бала өз рөлін аса белсенділікпен орындады. Қарым- қатынасқа баяу түсіп жүрген балалар өз достарымен тығыз байланыс орната алды. Өзара диалогты бір-бірімен рөлдік сипатта сөйлесті.



ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

менгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді

күні: 27.02.2023ж

Циклограмма

Ақпан, Наурыз 27.02.-03.03.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

IV апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Көлем, кім бірінші ойыны» Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Қорытынды	Ақпан айында жүргізілген жұмыстарға қорытынды шығару
Сәрсенбі Психодиагностика	«Мына суреттерде не жетіспейді?» Қабылдау Балбөбектобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Реттілігін анықта» Ойлау Айгөлектобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Жоғалған ойыншықты тап» ойын Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы

дау
ыс

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 03.03.2023

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Ойын ес пен зейінді, назар аудару білу іскерлігін дамытуға бағытталған.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

«Жоғалған ойыншықты тап»

Ойын барысы:

Балалардың алдында үстелдің үстінде бірнеше ойыншықтар тұрады. Балалар бірнеше минут сол ойыншықтарға қарап, содан кейін теріс қарап тұрады. Сол кезде психолог ойыншықтардың біреуін тығып қояды, ал балалар сол ойыншықты табу керек. Егер жауап дұрыс болса, онда ойыншылар рөлдерімен ауысады.

Баланың көзін байлайды, қолына пішін беріледі. Бала пішінді сипалап атайды.

Қорытынды: Балалар үстел үстіне мұқият қарап, әр жоғалған ойыншықты таба алды. Ойыншықтар санын көбейтіп балаларға күрделі қылып ойын шартын өзгерттік.

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы
 меңгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина
 тексерілді: 
 күні: 06.03.2023ж

Циклограмма

Наурыз 06.03.-10.03.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

I апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Психодиагностика	«белгілерді қой» Зейін Балбөбектобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Психодиагностика	«Суретте қандай заттар жасырылған?» Қабылдау Бәйтерек тобы Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Психодиагностика	Эмоционалды стрессті жеңілдету Тренинг Педагогтар Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Жұма Түзету- дамытушылық	«Жыл мезгілдері» Ой-өрісті дамытуға арналған ойындар Айгөлек тобы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы

ПРОТОКОЛ

ТОПТЫҚ ДИАГНОСТИКА

№20271/2022-2023

Білім беру ұйымы: "Нұр-Тілек" балбақшасы ЖШС

Уақыты: 06.03.2023 (бірінші диагностика)

Себебі: СА - Бейімделуіне байланысты

Диагностикалаушы: Шаштбаева.К.Ұ

Диагностикаланушы(-лар):

- МҰРАТБЕК ӘДІЛЕТ - 0 «БАЛБӨБЕК»
- АБДУЛМАНСУР АЯЛА- 0 «Балбөбек»
- АМАНҒОСОВ АЗАМАТ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ӘЙТЕНОВ АҚСҰҢҚАР- 0 «БАЛБӨБЕК»
- АМАНКЕЛДІ РАЯНА- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЖАЛҒАС ОМАРӘЛИ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЖАҢАБЕКОВ БАТЫРХАН- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЖҰМА МҰХАНБЕТҚАЛИ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЖАНБОЛАТ ІҢКӨР- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЖАҢАБЕРГЕНОВА АЙНАМКӨЗ - 0 «БАЛБӨБЕК»
- ҚАЗБЕК НҰРХАН- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ОЗАТ КӨЗАЙЫМ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- МАРАТ ӘЛІМ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- МАРАТ ИМАННҰР- 0 «БАЛБӨБЕК»
- МҰХАНБЕТҚАЛИ АЙНАЗ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ТӨРЕМҰРАТОВА АСЫЛЫМ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ТӘҢІРБЕРГЕН ҰЛЫС- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ТӨРЕХАН АЙСҰЛТАН- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЮСУПОВА АМИНА- 0 «БАЛБӨБЕК»
- РАХМЕТҚАЛИ НҰРЖІГІТ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- АЯП МҰРАТ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ЖҰБАНДЫҚ АЙДАНА- 0 «БАЛБӨБЕК»
- МАРАТ КӘУСАР- 0 «БАЛБӨБЕК»
- ХАСЕНОВА АЙЫМБЕКЕ- 0 «БАЛБӨБЕК»
- БАЗАРБАЙ МУСЛИМ- 0 «БАЛБӨБЕК»

Диагностика қорытындысы

Тақырыбы: «Белгілерді қой» әдістемесі

Мақсаты: зейіннің нәтижелілігі мен орнықтылығын анықтау.

Тапсырманың сипаттамасы: бала-ға суретті көрсетіп, онымен қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіреді. Бұл жұмыстың реті мынадай: әрбір шаршыға, үшбұрышқа, шеңберге және ромбыға үлгінің жоғарғы жағында берілген белгіні қою керек. Бала тап-сырманы 2 минут уақыт ішінде үзілсіз орындайды.

Оның зейінінің ауысуы мен бөлінуі мынадай формуламен анықталады:

$S = (0,5 N - 2,8 n): 120$, мұндағы

S – зейіннің ауысу және бөліну көрсеткіші;

N – 2 минут ішінде қарап көрген және тиісті таңбалармен белгіленген геометриялық фигуралардың мөлшері;

n – тапсырманы орындау барысында жіберілген қателердің мөлшері. Дұрыс қойылмаған немесе қойылмай кеткен таңбалар қателерге жатады.

жоғары деңгей.	орташа-жоғары деңгей	ортаңғы деңгей.	орташа-төменгі деңгей.	төменгі деңгей
----------------	----------------------	-----------------	------------------------	----------------

1	МҰРАТБЕК ӘДІЛЕТ		+	
2	АБДУЛМАНСУР АЯЛА	+		
3	АМАНҒОСОВ АЗАМАТ	+		
4	ӘЙТЕНОВ АҚСҰҢҚАР	+		
5	АМАНКЕЛДІ РАЯНА	+		
6	ЖАЛҒАС ОМАРӘЛИ-		+	
7	ЖАҢАБЕКОВ БАТЫРХАН	+		
8	ЖҰМА МҰХАНБЕТҚАЛИ	+		
9	ЖАНБОЛАТ ІҢКӨР	+		
10	ЖАҢАБЕРГЕНОВА АЙНАМКӨЗ	+		
11	ҚАЗБЕК НҰРХАН	+		
12	ОЗАТ КӨЗАЙЫМ	+		
13	МАРАТ ӘЛІМ	+		
14	МАРАТ ИМАННҰР		+	
15	МҰХАНБЕТҚАЛИ АЙНАЗ	+		
16	ТӨРЕМҰРАТОВА АСЫЛЫМ	+		
17	ТӘҢІРБЕРГЕН ҰЛЫС		+	
18	ТӨРЕХАН АЙСҰЛТАН	+		
19	ЮСУПОВА АМИНА	+		
20	РАХМЕТҚАЛИ НҰРЖІГІТ	+		
21	АЯП МҰРАТ	+		
22	ЖҰБАНДЫҚ АЙДАНА			+
23	МАРАТ КӘУСАР		+	
24	ХАСЕНОВА АЙЫМБЕКЕ	+		
25	БАЗАРБАЙ МУСЛИМ			+

ПРОТОКОЛ

ТОПТЫҚ ДИАГНОСТИКА

№20284/2022-2023

Білім беру ұйымы: «Нұр-Тілек» бала бақшасы ЖШС

Уақыты: 07.03.2023 (бірінші диагностика)

Себебі: СА - Бейімделуіне байланысты

Диагностикалаушы: : Шаштбаева.К.Ұ

Диагностикаланушы(-лар):

- Абай ЖАН - 0 «Айгөлек»
- Аманбай Ғазиз - 0 «Айгөлек»
- Әбдімұрат Муслим – 0 «Айгөлек»
- Әмір Каусар- 0 «Айгөлек»
- Байжұма Ғалиасқар- 0 «Айгөлек»
- Байсейтов Шахкерім - 0 «Айгөлек»
- Бақытқалиев Ерқанат - 0 «Айгөлек»
- Болат Медина - 0 «Айгөлек»
- Еркін Асия - 0 «Айгөлек»
- Жұма Асылым- 0 «Айгөлек»
- Исламғалиева Айжұлдыз - 0 «Айгөлек»
- Қайрат Әбілнасыр - 0 «Айгөлек»
- Қойбағарова Мая - 0 «Айгөлек»
- Марат Мерейлім - 0 «Айгөлек»
- Медетқызы Айзере - 0 «Айгөлек»
- Мейрамбек Мұзафар- 0 «Айгөлек»
- Мукаммеді Алияр - 0 «Айгөлек»
- Мейіран - 0 «Айгөлек»
- Нұрлан Ернұр - 0 «Айгөлек»
- Нұртасқызы Даяна - 0 «Айгөлек»
- Мұстафа- 0 «Айгөлек»
- Серікбай Абдірахман - 0 «Айгөлек»
- Тәңірберген Мағжан - 0 «Айгөлек»
- Төлегенов Шерхан - 0 «Айгөлек»

Мусин

Серік

Диагностика қорытындысы

Тақырыбы: «Суретте қандай заттар жасырылған» әдістемесі

Мақсаты: кескіні бойынша бейненің тұтас қабылдануын (ұғынуын) анықтау.

Тапсырма: балаға заттардың кескіні бейнеленген сурет ұсы- нылады. Онда қандай заттардың (барлығы бесеуі бейнеленген) жасырынғанын анықтау керек.

даму деңгейлері

Жоғары деңгей – бала кескіні бойынша барлық 5 затты анықтап, дұрыс атады.

Орташа-жоғары деңгей – бала кескіні бойынша 4 затты анықтап, дұрыс атады.

Ортаңғы деңгей – бала кескіні бойынша 3 затты анықтап, дұрыс атады.

Орташа-төменгі деңгей – бала кескіні бойынша 2 затты анықтап, дұрыс атады.

Төменгі деңгей – бала кескін бойынша 1 затты анықтап, дұрыс атады немесе мүлде тапсырманы орындай алмады.

жоғарыдеңгей.	орташа- жоғары деңгей	ортаңғы деңгей.	орташа- төменгі деңгей.	төменгі деңгей
---------------	-----------------------------	--------------------	-------------------------------	-------------------

ФИО ребенка

1. Абай ЖАН -	+		
2. Аманбай Ғазиз -	+		
3. Әбдімұрат Муслим –		+	
4. Әмір Каусар-	+		
5. Байжұма Ғалиасқар-	+		
6. Байсейтов Шахкерім -			
7. Бақытқалиев Ерқанат -		+	
8. Болат Медина-	+		
9. Еркін Асия -	+		
10. Жұма Асылым-			
11. Исламғалиева Айжұлдыз -	+		
12. Қайрат Әбілнасыр -		+	
13. Қойбағарова Мая -	+		
14. Марат Мерейлім -		+	
15. Медетқызы Айзере -	+		
16. Мейрамбек Мұзафар-	+		
17. Мукаммеди Алияр -		+	
18. Мусин Мейірлан -	+		
19. Нұрлан Ернұр -	+		
20. Нұртасқызы Даяна -		+	
21. Серік Мұстафа-	+		
22. Серікбай Абдірахман -		+	
23. Тәңірберген Мағжан -	+		
24. Төлегенов Шерхан -	+		

Хаттама

Тобы: Айгөлек

Уақыты: 10.03.2023ж

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Жылдың төрт мезгілінің өзіндік ерекшеліктерін меңгерту. Балалардың сөздік қорын, ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіру. Есте сақтау қабілетін арттыру. Зейінділікке, тапқырлыққа баулу. Балаларды табиғатты қорғауға, оның сұлулығын сезіне білуге тәрбиелеу.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

«Жыл мезгілдері»

ойын Ойын барысы:

Жыл мезгілі бейнеленген суретпен жұмыс. Балаларға сурет бойынша әңгіме жүргізіледі.

Қорытынды: Балалар әр жасырынған заттың көлеңкесін таба білді. Көлеңкелерді біріктіріп, әр заттың түр сипатына анықтама бере алды.



ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

меңгерушісі: Г.Ж.Бекмурзина

тексерілді: *Г.Ж.Бекмурзина*

күні: 13.03.2023ж

Циклограмма

Ақпан, Наурыз 13.03.-17.03.2023ж

ЖШС «Нұр-Тілек» балабақшасы

II апта Психолог: Шаштыбаева К.Ұ

Апта күндері	Жүргізілетін жұмыстар
Дүйсенбі Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Мақтаншақтар ойыны» Балбөбек тобы Құжатпен жұмыс
Сейсенбі Қорытынды	«Түрлі-түсті доптар» Ойыны Құжатпен жұмыс
Сәрсенбі Психодиагностика	«Қателеспе сикыршы» сенсорика Балбөбектобы Құжатпен жұмыс
Бейсенбі Түзету- дамытушылық	«Суреттің жалғасын тап» Ойлау Айгөлектөбы Құжатпен жұмыс Жеке баламен түзету дамыту жұмысы
Жұма Алдын алу және ағарту жұмыстару	«Мынау не? » Қабылдау Бәйтерек тобы тобы Құжатпен жұмыс

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 13.03.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Ойын баланың өзіндік бағасының жоғарылауына, ұжымдағы маңыздылығын көтеруге бағытталады.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

«Мақтаншақтар» ойыны

Ойын барысы:

Қатысушылар үлкен шеңбер жасай отырады, балаларға тапсырма беріледі. Әр бала топ алдында өзінің бір қасиетін, икемін, қабілетін, өзінің күшті жағы туралы өзінің қандай қасиеттерін жақсы көреді және мақтан етеді. Қолынан не келетінін айтып мақтанады.

Қорытынды: Балалардың өздеріне деген сенімділіктері көтерілді. Өз - өздеріне баға бере алмаған балаларды тәрбиешілерге ұсыныс айтылды. Балалардың сөздік қорларын және өз - өздеріне деген сенімдерін арттыруға ұсыныс айтылды.

Хаттама

Тобы: Бәйтерек

Уақыты: 14.03.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: Балаларды түстерді ажыратып атай білуге дағдыландыру. Геометриялық пішіндерді ажыратып айту. Көру, есте сақтау, ойлау қабілетін тілін дамыту. Үлкен-кіші ұғымын бекіту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

«Түрлі түсті доптар» ойыны

Ойын барысы:

Қарандаршы балалар бізге Қуыршақ қонаққа келіпті. Өзімен бірге түрлі-түсті, әр түрлі көлемдегі доптар ала келіпті. Қуыршақ Айнұр кел төрлет. Қарандаршы оның себетінде бірнеше доп бар екен. Олардың көлеміде әр түрлі екен. – Балалар мына доптың түсі қандай? – Көк . -Ал мына доптың түсі қандай? - Қызыл . Қызыл доптың көлемі, көк допқа қарағанда қандай? –Қызыл доп үлкен . Дұрыс айтасыздар. Ал мына доптың түсі қандай? –Сары. Доптың пішіні неге ұқсайды? -Домалаққа, дөнгелекке. Доптарды домалатсақ домалайды екен. Геометриялық пішінді көрсету. «Ұқсасын тап » ойыны . Геометриялық пішінің түсіне сай допты әкеліп қою. Түсіне қарай допты топтастыру. Енді кім Айнұр қуыршаққа арнап тақпақ айтады. Біздерде бар қуыршақ.

Бұзау қозы құлыншақ.

Қуыршақтар ойнайды. 63.

Емес олар ұрыншақ.

Домала, доп домала,

Балшыққа тек жолама.

Жек көремін оныңды,

Бүлдіресің қолыңды. Балалар қуыршаққа тақпақтарын айтып береді. Қуыршақ. Қандай жақсы балалар мен туралы тақпақта айтады. Менімен ойын ойнайсыңдар ма? Менде мынадай екі себетім бар. Мына себетке үлкен допты, мына себетке кішкентай допты салуларың керек. Ойынды өте жақсы ойнай білдіңдер. Рахмет деп қоштасады. Қуыршақпен қоштасу.

Хаттама

Тобы: Балбөбек

Уақыты: 15.03.2023 жыл

Түрі: Балаларға ойындар, жаттығулар жүргізу.

Мақсаты: балалардың затты тұтастай қабылдауын дамыту.

Өткізілу барысы: Балалармен амандасамын. Балалардың көңіл-күйін бақылаймын. Бүгінгі өткізілетін ойындарды таныстырып, ойынның нұсқаулығын түсіндіремін.

Ойын «Қателеспе, сиқыршы»

Құралдар: ойыншықтар, олардың мөлшері орташа болуы және бір-бірінен ерекшеленуі керек. Ағаштан жасалған шар, куб, шелек, тәрелке, қуыршақ, үйрек, балық, жеңіл машина және т.б. Сиқыршының қалпағы қатты беттен немесе бұлдан жасалады. Қалпақ баланың басына еркін сыйуы, бірақ көзіне түспеуі керек, және ойынға әсемделген дорба, ойыншықтарды салу үшін керек.

Ойынның барысы: Ең алдымен сиқыршының рөліндегі жағдаяттар беріледі. Сиқыршы көзбен көрмей қандай зат екенін таба алады. Ойынға топтың барлық балалары қатыса алады. Олар ойыншықтар тұрған орындыққа қарама-қарсы отырады. Психолог дорбадан ойыншықтарды ала отырып, балаларға оны есте сақтап қарауын өтінеді. Енді жаңа ойын басталады. Психолог өз басына қалпақты киіп, балаларына:

- Кім осындай қалпақты кесе, сол цирктағыдай сиқыр көрсетеді- деп ескертеді. Содан кейін өз жанына бала шақырып, оған қалпақ кигізіп, оларға иіліп тұрып:

